

Егемен Қазақстан

 **Егемен.kz**

КИНО

Мейіргат АМАНГЕЛДИН, театр және кино актері:

Кинодағы ұстазым – Қасым сұлтан

Мейіргат Амангелдин есімімен көпшілік қауым режиссер Рүстем Әбдіраштың «Қазақ хандығы: «Алмас қылыш» және «Алтын тақ» фильмдеріндегі Қасым сұлтан бейнесі арқылы жақсы таныс. Аталған туындыда жарқ ете калған жас актердің жасындай отты жанары көпшілік есінде жатталған. Күні кеше XV Халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің шымылдығын түрген айтулы кинокартинаны тамашалап отырып, Мейіргат кейінгі Қасым сұлтан бейнесіне басқа қырынан және бір мәрте үңілгендей болдық. Көрсетілімнен кейінгі актермен өрбіген әңгімесіздің негізгі ауаны да осы экран мен сахнадағы рөлдері айналасында болды.

– Актердің бағын ашатын табиғатына дөп түскен сәтті рөл екені анық. Осы тұрғыдан келгенде, Қасым сұлтан бейнесі сізге не берді? Кейіпкеріңізбен қандай ұқсастықтарыңыз бар?

– «Жақсы актер кез келген рөлде жарқырай көрінуі керек. Шеберлік деген – сол» деп жатады. Келісуге де, келіспеуге де болады. Бірақ, қалай десек те, актердің бағы – оң жамбасына келетін сәтті рөлімен дер шағында жолығуы. Ол рас. Мен үшін Қасым сұлтан бейнесі сондай рөл болды ғой деп ойлаймын. Оқу бітіре салып, театр сахнасында түрлі кейіпкерлерді ойнап жүргеніммен, киноға біраз имене қадам бастым. Бағыма орай, үлкен экрандағы дебютім – Қасым сұлтан болды. Алғаш рөлге бекітілгенімді естiгенде, қатты толқыдым. Қорқыныштың болғанын да жасырмаймын. Өйткені бұған дейін театр сахнасында Қожа, Бақыт, Жасболат сынды кілең балалардың мектеп оқушыларының бейнесін кейіптеп жүргеннен кейін де шығар, Қасым сұлтан тарихи кесек тұлғаға келгенде аздап жүрексінгенім рас. Бірақ, кино бала күннен бергі арманым болған соң, көп ойланбадым, өзіме өзім «нартауекел!» дедім. «Көз қорқақ, қол батыр» деген рас екен. Бір ай өткеннен кейін-ақ, Қасым рөліне ене бастағандай болдым. Тіпті бес айдан кейін түсірілім алаңынан үйге оралғанымда қала тіршілігіне үйрене алмай біраз тосырап жүрдім. Өйткені кең далада атқа мініп, ауылдың табиғатына әбден ет үйреніп қалыпты. Соны сағындым (жымиды). Негізгі Қасым сұлтан бейнесі мен өз табиғатыма айтарлықтай ұқсастық бар деп айта алмаймын. Керісінше, Қасым хан маған өмірде сабырлы, жинақы болуды үйретті. Түсірілім барысында кейіпкерімнің табиғатына байланысты барында салмақтылау, ұстамдырақ болуға тырыстым. Ал менің болмысыма баялық қалып басымдау. Әрине, актер ретінде өзіңнің жаныңнан да түрлі ізденістеріңді қосасың ғой, бірақ қалай десе де Қасым бейнесі кино әлеміндегі ұстазым болды.

– Режиссер Рүстем Әбдіраш пен актер Мейіргаттың арасындағы шығармашылық тандемді қалай бағалайсыз?

– Рүстем аға ерекше адам ғой. Өз басым ол кісіні адам ретінде де, кәсіби маман ретінде де қатты сыйлаймын. Түсірілім жұмыстары әлдеқашан аяқталып кеткенмен, шығармашылық байланысымыз үзілген емес. Үнемі жастарды жанына жақын тартып, ақыл-кеңесін айтудан жалықпайды. Рүстем ағамен жұмыс істеудің өзі үлкен ғанибет. Ол кісінің бір ерекшелігі – шежірені, тарихты өте жақсы біледі. Кәсіби суретшілігі де өз алдына бір төбе. Әр кадрдан сұлулық іздеп тұрады. Бізді де сол талғамға тәрбиеледі. Ең бастысы, актердің ізденісін шектеген емес. Камера алдында барыңша еркін ашылуыңа мүмкіндік береді. Белгілі бір шекараға салып, өзінің режиссерлік үстемдігін жүргізу ол кісінің

табиғатына жат. Сондықтан болса керек, фильмде импровизацияға көп бардық. Камерамен бірден «достасып» кеттік. Рүстем ағаның тағы бір ерекшелігі – барлығына жаны ашып, қамқор болып жүреді. Рөл сұрап келген адамның бетін қайтарған емес. Кішкентай эпизодқа енгізе де әйтеуір алдына келген адамды риза қылмай қайтармайды. Көңілге көп қарайды. Әсіресе, түсірілім алаңындағы мына бір оқиға есімінен кетпейді. Түлкібаста өткен түсірілімнің бірінде 15-16 жастағы бала келіп: «Аға, менің де кинода ойнағым келеді. Көпшілік сахнада болса да рөл тауып беріңізші!» деп қиялды. Жанары от болып жанып, көңілі өнер деп өрекініп тұрған бозбаланың меселін қайтарғысы келмей ұмытып кетіпін. Премьера күні әлгі баланы фильмнен негізгі планда көріп, Рүстем ағаға іштей риза болдым. Осы жағынан келгенде ол кісі өте қазақи ақынның отбасында тәрбиеленгені сөзінен де, әрекетінен де көрініп тұрады. Бүгінде көп адамның бойында кездесе бермейтін қазақи бір дархандық, кеңдік бар. Сол мінезін ерекше құрмет тұтамын.

– «Қазақ хандығы», «Алтын тақ» фильмдерімен тура бір күні тұсауы кесілген «Каникулы off-line» картинасындағы бейненің Қасым сұлтанға мүлдем қарама-қарсы... Шыныңызды айтыңызшы, экрандағы екі түрлі Мейіргаттың қайсысы өзіңізге көбірек ұнады?

– Қиындау сұрақ екен (күлді). Актер үшін әр жасаған жұмысы ыстық қой. Әрине, жауапкершілік тұрғысынан келгенде, Қасым сұлтанның салмағы ауыр болды. Ізденіске де жігі мән бердім. Ал «Каникулы off-line» комедиясында жағдай мүлдем басқа. Мұнда мен өзімді ойнадым. Сөзсіз, комедияның да қиындығы жетерлік. Бірақ бұл фильмдегі атмосфера балалық шаққа қайта саяхат шеккізгендей сағынышқа, қызықты естеліктерге толы болды. Оның үстіне, театрдағы ұстазым, режиссер Нұрқанат Жақыпбай: «Актер арқашан өзінің балалығын жоғалтпауы керек», деп үнемі айтып отырады. Осы сөз жадымызға сіңіп қалғаннан болар, Жастар театрының барлық актері балалық қалпын жоғалтпауға ұмтылады. Қай рөлге де жастық жалынмен келуге жаны салады. Өйткені біздің театрдағы негізгі қағида – сол. Сондықтан болса керек мен «Каникулы off-line»-ды тіпті де жатырқаған жоқпын. Фильмнің түсірілімі тек балалар мен көрермендерге ғана емес, өзіме де қатты қызық болды. Себебі сценарий шынайылығымен ұтты деп ойлаймын. Өмірде қандай болсақ, фильмде де сол табиғатымызды өзгертпей беруге тырыстық. Бастысы – эмоцияны қолдан жасамадық, бәрі болмысымыздай шынайы болды. Он сегіз күн бойы балалармен бір үйде тұрып, бірге тамақтанып, ойнап, аз ғана уақытта бір-бірімізге бауыр басып кеттік.



Әрине, бастапқыда қаланың балалары ауылға үйрене алмай тосырап жүрді. Кейін кең далаға бой үйретіп, тіпті қайтқылары келмей қалды. Бұл – актерлерге еркіндік берген режиссердің тапқырығы. Соның арқасында жеңіл, ойнақы, көңілді фильм өмірге келді. Туындының кинопрокаттағы жалпы табысына қарап, «жасаған жұмысымыз көпшілік көрерменнің көңілінен шықты ғой» деп ой түйдік. Қазір комедияның екінші бөлімін түсіру жоспарланып жатыр. Сәтін салса, жақын күндері отандық кинотеатрлардан көріп қалуларыңыз мүмкін.

– Сөзіңізде ерекше тоқталып өткендей, өнердегі алғашқы қадамдарыңыздың куәгері – Жастар театры. Өнер ордасының қазіргі жағдайы, деңгейі қалай бағалайсыз? Театр сізге не берді?

– Жастар театры ең әуелі мені актер болу, үлкен сахнада өнер көрсету дейтін арманыммен қауыштырды. Сол үшін де мен осындай ғажайып әлемнің есігін айқара ашып беріп, талғампаз театр, сахна мәдениетіне тәрбиеленген ұстазым, өнердегі әкем, сүйікті ағайымыз – Нұрқанат Жақыпбайға қарыздармын. Нұрқанат ағай ұзақ жыл тыңғылықты ізденіп, бірнеше буын шәкірттеріне тәлім бере жүріп, барлығын өзі іргесін қалаған бір театрдың шаңырағы астына ұйыстыра білді. Жастар театрында қызмет ететін актерлердің арманы да, мақсат-мүддесі де ортақ, ол – заманауи жанышатын театр өнерін тудыру. Сондықтан болса керек, біз бір-бірімізді іммен, көзқараспен ақ түсініп, ұғысатын деңгейге жеттік. Өзге театрлардағы әріптестеріміз: «Сендердің театрларың бәрібір басқа. Ерекшеленіп жүресіңдер», дейді. Ол ерекшелік – театр актерлерінің барлығының бір ұстаздан тәлім алып, әлі күнге дейін бір әкенің баласындай тәрбиеленіп келе жатқандығында болса керек. Оқу бітіргенімізге бірнеше жыл өтсе де, біз үшін Нұрқанат ағай – ұстаз, ал біз студент сияқтымыз. Үнемі сол кісінің пікіріне құлақ асып, ақылын азық етіп келеміз. Тіпті ағай кезекті премьерадан кейін рөліміз жайлы ештеңе демей қалса, өзімізді біртүрлі сезініп, іштей қамшылай түсеміз. Ол кісі бізді жанкештілікке, тәуекелшілдікке, ең бастысы алдымызға үлкен арман қойып, сол арманға сендіріп үйретті. Соның арқасында болар, бүгінде Жастар театрын елімізден бөлек, алыс-жақын шетелдік өнер ұжымдары мен көрермендер жақсы біледі, қуана қарсы алады. Бірнеше

келеді. Бұл, әсіресе трагедия жанрындағы қойылымдарда ауырлау. Бірақ, актер үшін де, көрермен үшін де театр сонысымен ыстық деп ойлаймын. Жалпы, театр мен киноның ерекшелігін америкалық әйгілі актер Аль Пачинодан артық бағалау мүмкін емес. Актер айтады: «...Театрда да, кинода да ойнау – арқан жіпте жүргендей. Жіп театрда жоғары ілінсе, кинода жерге қойылады. Театрда құласаң – оңбай құлайсың». Тура айтылған. Ең бастысы, жанрлар ерекшелігін сезіне білу қажет. Үнемі ізденіп, өз-өзін дамытып, жетілдіріп жүретін актерге мұндай қауіп төнбейді. Жақсы актерге шеберліктен бұрын, ең әуелі терең білім керек.

– Іштей жақсы көріп, үнемі сағынып, ойнағыңыз келіп жүретін кейіпкерлеріңіз бар ма?

– Әрине, ондай рөлдер театрда өте көп. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы бойынша режиссер Нұрқанат Жақыпбай қойған «Көзіме бір көрінсең, бала ғашық...» спектакліндегі – Қожа, Сәкен Жүнісовтің «Тырау-тырау, тырналарындағы» – Бақыт, Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібегіндегі» – Төлеген, Қанат Жүнісовтің «Алғашқы махаббатындағы» – Жасболат бейнелері әсіресе жаныма жақын. Балаларға арналған ертегілерде ойнаған да ұнайды. Өйткені ондай қойылымдарда тазалық бар. Көрермендер де дәл сондай тап-таза. Жалпы, балалардың қуанышын, эмоциясын сезіну ерекше қызық қой. Сондықтан театрдағы рөлдерімнің ешқайсысын бірін екіншісінен бөліп-жарып қарай алмаймын. Барлығы өз алдына қызық, қымбат. Өйтсе де болашақта ойнасам, шығармашылық өмірбаянымды толықтырсам деген кейіпкерлер де жоқ емес. Ол, әсіресе, кино саласына қатысты. Алда жақсы, сапалы сценарийлер келіп, ұсыныс түсіп жатса, мелодрама жанрында және спортқа, оның ішінде күреске қатысты фильм, сериалдарға түсуге қуана келіскен болар едім. Бүгінде мені спорт туралы картиналар қатты қызықтырып жүр.

– Ал болашақта қандай режиссерлермен бірлесе жұмыс істегіңіз келеді?

– Актер үшін әр режиссер өзінше бір тәжірибе мектебі ғой. Әсіресе, ресейлік режиссерлердің шеберханасын көріп, танысқым келеді. Отандық режиссерлерден Ақан Сатаевпен жұмыс істеу мен үшін өте қызық. – Актер Мейіргат Амангелдинге не тілейсіз? – Өзіме айтар тілек те, талап та өте көп (күлді). Әсіресе, «ерінбе, көп оқы» дегім келеді. Өйткені менің ең осал тұсым – жалқаулығым, барға қанағат жасап қалатындығым. Мұны театрда ұстазымыз да үнемі айтып, қамшылап отырады. «Актер ізденісін тоқтатқан күні өледі» дейді режиссер. Сондықтан да адам өзінен жақсы актер жасағысы келсе, ең әуелі көп оқып, ізденуі керек. Менің бір жаман әдетім – қызығы кетіп қалса, кез келген істі соңына жеткізбей, тастап жүре беремін. Мені үнемі кызықтырып, таңғалдырып отыру қажет. Осы әдетімді жеңгім келеді. Қалғанын кәсіби хәм өмірлік тәжірибе өзі-ақ қалыптастырады деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Назерке ЖҰМАБАЙ, «Egemen Qazaqstan» Айна АЛПЫСБАЙ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті